

«АЭС Өскемен ГЭС» ЖШС (бұдан әрі - Кәсіпорын) энергия өндіруші ұйым бола отырып, электр энергиясын өндіруді, сатуды және контрагенттердің алдында міндеттемелерді орындау үшін қуатты реттеу қызметтерін жүзеге асырады.

Кәсіпорынның жоғары басшылығы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018, ISO 50001:2018 халықаралық стандарттарының нормаларын басшылыққа алып, Кәсіпорын мақсаттарына қолжеткізу, Кіріктірілген менеджментті ұдайы жақсарту үшін осы Саясатты қабылдайды.

Кәсіпорынның басымдықты мақсаттары электр энергиясын сатып алушылардың жоғары деңгейдегі қанағаттанушылықтары және электр энергиясын өндіру сенімділігінің тұрақты көрсеткіштері болған кезде қуатты реттеу бойынша қызмет ұсыну, жұмысты қауіпсіз орындау; қызметкерлер мен басқа мүдделі тараптардың өмірі мен денсаулықтары үшін қауіптілікті жою және тәуекелдерді азайту, қолайлы қоршаған ортаны, негізгі және көмекші жабдықтың регламенттік жұмысының толық көлемін сақтау болып табылады. Кәсіпорынның негізгі стратегиялық міндеттерінің бірі ұзақ мерзімді құнының өсуін және тұрақты дамуын қамтамасыз ету болып табылады.


Жоғары басшылық контрагенттердің, Кәсіпорын қызметкерлерінің және басқа мүдделі тараптардың алдында жұмыс нәтижесі үшін өзіне жауапкершілікті ала отырып, сапа, денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, экология және энергомәнажмент саласында төмендегідей міндеттемелерді қабылдады:

- электр энергиясын сенімді өндіруші және жеткізуші болу;
- Қызметті жүзеге асыру барысында жоғары басымдық - қауіпсіз еңбек шарттарын қамтамасыз ету, кәсіпорын мен мердігерлердің қызметкерлерінің жарақаттануы және денсаулығының нашарлауын, қоршаған ортаның ластануының алдын алу, энергия қорының ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету болып табылады;
- Сапа менеджменті жүйесінің, денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, экология мен энергомәнажмент нәтижесін ұдайы жақсартуға және арттыруға ұмтылу;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының, ISO халықаралық стандарттарының талаптарын сақтау және оны мердігерлік ұйымдардан талап ету;
- Қызметкерлермен және қоғаммен ашық диалог құру және сапа, экология, денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында кәсіпорын қызметі туралы кеңес беру;
- Әрбір қызметкердің үнемі оқу, біліктілігін және жалпы мәдениетін арттыру, өз қызметінің сапасы үшін, денсаулықты сақтау жай-күйі мен еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, экология, энергияны үнемдеу, энергия тиімділігі үшін жауапкершілікті түсіну процесін ұйымдастыру;

- Тәуекелдер мен мүмкіндікке жауап ретінде іс-әрекеттерді жоспарлау және жүзеге асыру.

Жоғары басшылық менеджмент жүйесі жұмысының нәтижесі үшін жауапкершілік пен аталған Саясатты барлық қажетті қорлармен қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді өзіне алады, әрбір қызметкер оны өз құзыреттілігінің шегінде жүзеге асыру үшін жауапты болады.

«АЭС Өскемен ГЭС» ЖШС
Бас директоры



А.Балабатыров
«18» 08 2020 ж.